

білім беру бағдарламасы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Жаңа форматтағы қаржыгерлерді елдік, өңірлік және халықаралық деңгейдегі қаржылық ағындарды модельдеу арқылы даярлау:

- Ақша, қор, валюта, сақтандыру, зейнетақы және несие нарықтарының жаһандық сын-тегеуріндерге бейімделген, инновациялық сценарийлік тәсілді қалыптастырып, инвестициялық портфельді әртараптандыра алатын тәжірибелі сарапшыларын дайындау;
- Қаржылық есеп пен талдау үшін заманауи қаржылық бағдарламаларды қолдана алатын, цифрлық технологияларды, цифрлық теңгені енгізуді, ашық банкинг технологияларын пайдалана отырып қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге стратегиялық шешім қабылдай алатын қаржылық тәуекел-менеджерлерді дайындау. Бұл ұйымдар мен кәсіпорындардың, сондай-ақ тұтас мемлекеттердің табысына әсер етеді.

ҰБТ ПӘНДЕРІ

Колледжден кейін грант байқауына қатысу үшін туыстас мамандықтар бойынша ҰБТ пәндері:

- География
- Математика
- Қаржы және несие
- Ұйымдардың қаржысы
- Университеттегі әңгімелесу

ҰБТ - 50 ШЕКТІ БАЛЛ

Оқуға түсу жағдайы	Оқу мерзімі
Мектептен кейін және колледжден кейін туыстас емес мамандықтар бойынша	4 жыл
Колледжден кейін туыстас мамандықтар бойынша	3 жыл
Қолданбалы бакалавриат және екінші жоғары білім	2 жыл

6B04104 «ҚАРЖЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫ:

Білім беру, ғылым, өнеркәсіп және экономиканың басқа да салалары, мемлекеттік қызмет, бюджет ұйымдары, мамандандырылған қаржы-несие ұйымдарындағы қаржылық қызмет, қаржылық менеджмент пен талдау, қаржылық жоспарлау және қаржылық нарық құрылымын болжау, корпорациялар, холдингтер, шағын және орта бизнес, жеке кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, сауда, қор биржалары, инвестициялық компаниялар, криптобиржалар, финтех-стартаптар.

ҚАРЖЫ МАМАНДАРЫНА ТӨН ҚЫЗМЕТ ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ:

- Бағалы қағаздар бойынша аналитик, сақтандыру саласындағы аналитик (андеррайтер), сақтандыру агенті, несие сарапшысы
- Инвестициялар саласындағы аналитик (қаржы аналитигі)
- Биржалық маклер, брокер, валюта операциялары бойынша дилер, қор биржасындағы бағалы қағаздар бойынша дилер, трейдер немесе қор нарығының аналитигі
- Салық және алымдар бойынша кеңесші, инвестициялар, бағалы қағаздар және жеке қаржы бойынша кеңесші
- Қаржы жұмысы бойынша экономист (қаржы маманы), қаржылық ағындарды жоспарлау және талдау жөніндегі экономист
- Қаржы бөлімі бастығы (қаржы директоры)
- Жоспарлау-экономикалық бөлім бастығы
- Өртүрлі меншіктегі ұйымдар мен мекемелердегі қаржы саласындағы мамандар
- Несие немесе сақтандыру жөніндегі маман/менеджер
- Қаржылық бақылау және мониторинг бойынша ревизор, бухгалтер және бюджет координаторы
- Қаржылық жоспарлау және болжау жөніндегі маман
- Қаржылық ағындарды, персоналды басқаруға қабілетті, салықтық жоспарлау, қаржылық есеп, инвестициялық стратегия және тәуекелдерді хеджирлеу негізінде басқару дағдылары бар кәсіпорын немесе қаржы-несие ұйымының директоры
- Қаржы директоры, департамент басшысы немесе ірі компаниялар, холдингтер, банктер мен мемлекеттік органдардағы бөлім басшысы
- Қазақстан Республикасының министрліктері (ведомстволары) жанындағы қаржылық департаменттердің басшылары
- Ірі компаниялар, холдингтер, банктер мен мемлекеттік мекемелердегі бөлім басшысы
- Қаржылық менеджер, қаржылық тәуекел-менеджері
- Қаржылық болжамдар мен стратегияларды жасайтын қаржы аналитигі
- Финтех - аналитик немесе цифрлық шешімдер әзірлеушісі